



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Іс-әрекет. Тұлға

Орындаған: Спабек А.
Қабылдаған: Болтаева А.

Жоспары

- *I.Кіріспе.*
- Іс-әрекет туралы түсінік.
- *II.Негізгі бөлім.*
- А) Іс-әрекеттің мақсаты
- Б) Іс-әрекет тәсілдері
- В) Тұлға немесе Жеке адам
- *III.Қорытынды.*

- Барша тіршілік иелері қоршаған дүниемен өмірлік маңызы бар байланыстар жасап, әрі оны қажетіне орай өзгертіп, өзінше бағыт-бағдар таңдауға қабілетті, яғни белсенділік көрсете алады. Тіршіліктің жалпылама сипатын қамтыған адам қоғамындағы белсенділік өз ерекшелігіне орай айрықша көрініске ие. Бұл белсенділік көрінісі іс-әрекет деп аталады. Адам іс-әрекеті күрделі құбылыс.

- Адам іс-әрекетінің нәтижесі - нақты бір өнім. Ал осы өнімді әрбір жеке адам көбіне өзі үшін емес, қоғам игілігі үшін өндіреді, жаратады. Өз кезегінде, осы қоғамның көптеген мүшелерінің өнімі әрбір жеке адамның мүддесін қамтамасыз етуге жұмсалады. Тіпті адам бір нәрсені тек өз қажеттігіне жасап жатқанның өзінде, ол өз еңбегінде басқалардан алған білімдерін қолданып, олардың тәжірибесін пайдаланады

- Іс-әрекет қоғамдық-тарихи категория. Шынында да, қалаған жеке іс-әрекет қоғам қызметімен тығыз байланыста, әрбір тұлға - басқа адамдармен қарым-қатынаста. Жеке іс- әрекет қоғамдық іс-әрекеттің тетігі, нақты көріністегі бөлігі ретінде қарастырылады.

- Іс-әрекет әрдайым міндетті түрде психика қатысуымен түзілетін субъектінің объектімен байланысы. Қандай да бір іс-әрекетті орындау барысында адам бір нәрсені қабылдауы, есінде қалдыруы, ойлауы, оған зейін аударуы қажет; әрекет желісінде оның қандай да көңіл-күй шарпулары туындап, ерік сапалары іске қосылады, ниет-ұстамдары мен қатынастары т.б. қалыптасады.

Іс-әрекеттің мақсаты

- Іс-әрекеттің мақсаты дегеніміз - сол іс-әрекеттің болашақ нәтижесін күні бұрын санада болжау. Осы болжау, яғни мақсат, заң ретінде адам әрекетінің сипаты мен әдісін анықтап береді. Мақсат, сонымен, алдын ала бейнелеудің құралы.

- Адамның қай әрекеті болмасын үш тараптан тұрады: қимылдық, сезімдік және саналық, бұлардың әрбірі өзіне сәйкес қызмет атқарады, ол қызметтер: орындау, бақылау және реттеу.

Іс-әрекет тәсілдері

- Әрекет құрылымындағы бірліктердің біршама автоматтанып, дағды қалыптасуынан келесі тәсілдер өзгеріске келеді: а) әрекет орындалуы - майда қимыл-қозғалыстар біртұтас әрекетке бірігеді, артық, қажетсіз қозғалыстар жойылып, қимыл жеделдей түседі; ә) әрекетке сезімдік бақылау - қимылды көзбен бақылау бұлшық еттер бақылауымен ауысады, әрекет нәтижесін бақылауға қажетті бағыт-бағдар сараптау қабілеті дамиды; б) әрекетті санамен реттеп бару - зейіннің әрекет тәсілдерінен сол әрекеттің орындалу жағдайлары мен нәтижелеріне ауысуы.

Тұлға немесе Жеке адам

- "Жеке адам" түсінігімен қатар біздің қолдануымызда "адам", "дара адам", "даралық" терминдері бірге жүр. Бұл түсініктердің әрқайсысы өз ерекшеліктерімен ажыратылады, бірақ бір-бірімен тығыз байланысты.

Дара адам

- Дара адам - "homo sapiens" тектілердің өкілі, адамдық даму нышандарының иесі - нақты адам. Даралық - нақты адамның табиғи және әлеуметтік қабылдаған қайталанбас ерекшеліктері мен қасиеттері. "Жеке адам" түсінігіне байланысты ең алдымен адам-ның қоғамдық мәнді сапалары еленеді. Адамның әлеуметтік мәні оның қоғаммен байланысында қалыптасады да көрініс береді.

- Жеке адам көп сатылы құрылымға ие. Осыдан жеке адам психологиялық құрылымының ең жоғарғы да жетекші деңгейі қажеттік - себеп аймағы - жеке адамның бағыт-бағдарынан, оның қоғамға, басқа тұлғаларға, өзіне қатынасынан және қоғамдық әрі еңбектік міндеттерінен туындайды.

- Тұлға дамуы - өз мүмкіндіктерін үздіксіз кеңітіп, қажеттіліктерін арттырып барумен байланысты. Осы даму деңгейі нақты адамға тән болған қарым-қатынастар аймағы-мен өлшенеді.

- Дара адамның жеке адам санатына көтерілуі үшін маңызды факторлар: идентификация, яғни дара адамның өзін басқа адамдармен теңестіре, қоғам талабына сай болу ниетімен қалыптасып бару процесі; персонализация - дара адамның өз басының басқа адамдар өмірінде қадірі барын түсіне білуі, сонымен бірге, нақты әлеуметтік топта өзінің кісілік мүмкіндіктерін іске асыра алуы.

- Адамның іс-әрекетін бағыттаушы әрі оны нақты жағдайларға икемдестіруші тәуелсіз тұрақты мотивтер жиынтығы жеке адамның бағыт-бағдары деп аталады.

- Бағыт-бағдар құрамына өзара байланысты, деңгейі жағынан бірінен бірі жоғары бірнеше формалар кіреді: құмарлық, ниет, ұмтылыс, қызығу, бейімділік, мұрат, көзқарас, наным. Адам бағыт-бағдарының барша формалары оның іс-әрекетінің түрткілері есептеледі.

- Аталған формалардың қысқаша мәні: Құмарлық - бағыт-бағдардың ең қарапайым биология-лық формасы; Ниет - саналы қажетсіну, толық белгілі затқа құмар-лық; Ұмтылыс - ниетке еріктік күш қосылғанда пайда болады; Қызығу - бағыт-бағдардың қандай да затқа ауысуын-дағы танымдық форма; Қызығуға еріктік күш қосылса, бейімділік пайда болады; Көзқарас - қоршаған дүние болмысын философия-лық, эстетикалық, этикалық, жаратылыстану және басқа ғылымдар жүйесінде тану; Наным - адамды өз танымы, принципі, көзқарас-тарына орай әрекетке ықпалдаушы мотивтер жүйесі, бағыт-бағдардың ең жоғарғы формасы.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Аймауытов Ж. Психология (оқу құралы). –Алматы, 1994. 2. Аймауытов Ж. Жан жүйесі және өнер таңдау. –Мәскеу, 1926. 3. Алдамұратов Ә., Мұқанов М. Психология пәнінен лабораториялық - практикалық сабақтар. –Алматы, 1978-1979. 4. Алдамұратов Ә. Жалпы психология. –Алматы, 1996. 5. Алдамұратов Ә. Қызықты психология. –Алматы, 1992